

ЖАРКЕНТ

Айнасы



№3 (3), 16 қараша, жұма, 2018 жыл, jar-aina@mail.ru

ҚАҢАРЛЫ ЖЫЛДАРДЫҢ ҚАҢАРМАНЫ



► 4-5 -бет

Дәйекті сөз мәйекті

Жолдас болсаң сараңмен,
Жол үстінде қалдырар.
Жаман болса достарың,
Өзіңді жауға алдырар.

Өтірік сөз құлаққа жақпайды,
Арнасыз жерден су ақпайды.

Көл тұмадан, ел ұланнан
құралады.

Басыңа бақ қонғанда,
Елден асқан данасың.
Басыңнан бақ тайғанда,
Қалыбыңа барасың.

Білімді әйел басыңа қарайды,
Білімсіз әйел жасыңа қарайды.

Жаман қатын байына жалғыз
атын сойғызар.

Жаманның қойнында жатқанша,
жақсының ойында жат.

Жақсының сөзі ақыл шақырады,
Жаманның сөзі ашу шақырады.

Құс балапаны үшін тұзаққа
түсер,
Адам баласы үшін азапқа түсер.

Ауыр істің салмағы білекке
түсер,
Ауыр сөздің салмағы жүрекке
түсер.

Дұрыс сөзге тоқтай біл.

Қайрат етер мезгілде,
Жүк көтерер нардай бол.
Ақыл айтар мезгілде,
Мың жасаған шалдай бол.

**Әдепхан
ТӨРЕХАНҰЛЫ,**

Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі, ҚР
Мәдениет үздігі, ҚР Білім беру
үздігі, Алматы облысының
Құрметті азаматы, «Алаш
ұстазы» медалінің және
Алтынсарин медалінің иегері.

ЖАЗЫЛЫМ – 2019

Газетіміздің индексі –
65161. 1 жылға жазылу
бағасы – 2462 теңге 40 тиын,
6 айға – 1231 теңге 20 тиын.
Қазпошта бөлімшелері ар-
қылы жазыла аласыздар.
Біздің сенеріміз де, сүй-
енеріміз де – өздеріңіз, көп-
шілік оқырман!

ЕЛ МАҚТАҒАН ЕРЕЖЕП

Кішішыған – Ұлы Жібек жолының бойындағы шағын ауыл. Кім қалай ойласа өз қалаулары білсін, біздің кейде «Шығаннан шыққанбыз» деп мақтанып қоятынымыз бар. Өйтпегенде ше? Кезінде атағы күллі Кеңес еліне мәлім болған «Қазанның 40 жылдығы» агрофирмасының ең белді бригадасы болды бұл ауыл. Сүлеймен Исабеков, Әлімжан Бақтаев, Күлжәмила Алтыбасарова, Қасен Қосуақов сынды көптеген еңбек саңлақтары шықты мұнан. Дара дарын Тоқбай Исабеков негізін қалап, талай таланттың тұсауын кескен, атағы

республикаға танылған «Шыған шырақтары» атты әдебиет пен өнер бірлестігі мүшелерінің де дені – осы ауылдікі. Айтыс көгінде жасындай жарқ етіп өте шыққан Жандарбектің де кіндік қаны осында тамған...

Иә, осылайша мақтайтын атағы бар, анданда ел-жұртты селк еткізер «шатағы» да бар ауылмыз. «Әй, Шығаннан шыққандар-ай...» деп кейбіреудің күңкілдейтіні де содан. Е, мейлі. Оған бола күмілжіп қалатын біз емес. «Біздерде мынандай бар, мынандай бар» деп мақтанатын мақтанышымыз көп, Құдайға тәуба. Соның бірі де бірегейі –

Ережеп ағамыз. Өзімізше өрнектеп айтсақ: Шығаннан шыққан шипагер. Адам болған соң ауру-сырқаусыз ешкім жоқ. Сырқаты жанға батқан сондай сәтте «Әй, әлгі Ережепке барып бір көрінбесем бе...» деп қоятыны бар кішішығандықтардың үлкенінің де, кішісінің де, қазағының да, ұйғырының да. Ол ауруы Ерекең қарайтын сырқат па, жоқ басқа саланыкі ме, шаруасы жоқ. Әйтеуір, соның алдынан бір өтсе, ада-күде айықтырып жіберетіндей көрінеді. Ауылдастардың еш алғаусыз сондай аңғалдау мінездеріне еріксіз күлесіз. Күле отырып, ішің жылиды, Мәз боласың: ақ көңілді, пәк ниетті ел-жұртының ықыласына. Мақтанасың, көптің ілтипатына бөленген Ережептей бауырыңның бар екеніне.

(Жалғасы 7-бетте)



«Халық көзі – қырағы» деген емес пе. Құқық қорғау органдарына, оның ішінде, ең алдымен, полиция жұмысына соны серпіліс жасаудың қажеттігін қоғам әлдеқашан аңдаған. Бұны Елбасымыз да дер кезінде дәл байқап, дөп басты. Көрегенділік көрсетіп, өте құнды ұсыныс жасады.

Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауына орай өз ойын білдірген Алматы облысы Панфилов аудандық әділет басқармасының басшысы, Қазақстан Республикасы Заңгерлер одағының мүшесі Марат Сағымбектің пікірі осындай.

Марат Рахымбердіұлының айтуынша, Тәуелсіздіктің туын тіктегелі егемен еліміз құқықтық мемлекет құру жолында көптеген шараларды жүзеге асырып келеді. Алайда бұл бағыттағы талпыныстардың сәтті болғаны да

ЖОЛДАУ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫНА СОНЫ СЕРПІН БЕРДІ

бар, өмір үрдісімен үйлеспей, сүрінгені де жоқ емес. Дегенмен «көш жүре түзеледі». Еліміз дүниежүзілік қауымдастықтың қатарында нық басып, өркениеттің өріне бекем бет бұрды. Соған сәйкес, құқық қорғаушыларымыз да өздерінің кәсіби шеберліктерін жетілдіру жолында қалтқысыз қызмет етіп, тынымсыз ізденіс үстінде. Мемлекет басшысының жаңа Жолдаудағы бағыт-бағдары осы орайда оларға соны серпін беріп, оң жол сілтеді. Құқық қорғаушылар бұны бірден дұрыс түсініп, қағілездік көрсетті. Атап айтқанда, Ішкі істер министрлігі қазірдің өзінде-ақ полицияны жаңғырту жөніндегі «Жол картасын» әзірлеуге кірісті. Бұдан былай олардың қызметін бағалау қоғамның сенім деңгейі мен халықтың қауіпсіздігін арттыруға бағытталатын болады. Қалың көпшілік бұл туралы электронды бұқаралық ақпарат құралдарынан біліп, қанағаттанғандықпен қабылдады. Құқық қорғау саласының басқа құрылымдары да әріптестерінің осынау қадамын ықыластана құптап, өз жұмыстарына бүгінгі күн талабына сай түбегейлі өзгерістер енгізуі тиіс.

Ол, сондай-ақ Жолдауда Президенттің құқық үстемдігі біздің реформаларымыздың табысты болуының негізгі факторы екенін айта келіп, уақыт пен ресурстардың орынсыз шығындарын азайтуды, жұмысты жүйелі түрде жүргізу үшін тиісті органдарға қажетті шаралар кешенін әзірлеуді тапсырғаны өте орынды болды деп есептейді. «Иә, халық қауіпсіздігі – тұрмыс сапасының құрамдас бөлігі болып табылады. Ал азаматтардың амандығы жолында өз бастарын бәйгеге тігіп, қылмыспен күресте қауіп-қатердің өтінде жүретін құқық қорғаушылардың жанкешті қызметі де қадірлеуге тұрарлық. Жолдауда олардың жалақысын өсіру, тұрғын үй және өзге де әлеуметтік мәселелерін оңды шешу туралы Елбасы тапсырмасы өте құптарлық» – дейді тәжірибелі заңгер.

Нұрәділ БЕГІМБЕТ

КӘСІПКЕРЛІККЕ КЕҢ ЖОЛ АШУЫМЕН ҚУАНТТЫ

Әлеумет Елбасының әр жылғы Жолдауынан елді дамыту жолында жаңа леп, жақсы жаңалық күтетіні жасырын емес. Осындай үкілі үміт биыл артығымен ақталды, – дейді Алматы облысы Панфилов ауданы Жаскент ауылдық округіне қарасты «Ернар» жеке шаруа қожалығының басшысы Тасқын Жапарқұлов.

Ұзақ жылдардан бері жүгерінің элиталық тұқымын өсірумен шұғылданып келе жатқан бұл фермердің есімі күллі Жетісу жеріне кеңінен танымал. Ол кезінде республикалық жер комиссиясының мүшесі болған. Бірнеше рет Алматы облыстық мәслихатының депутаттығына сайланған. «Ерен еңбегі үшін» және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медалінің иегері. «Панфилов ауданының Құрметті азаматы».

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауына орай өз ойын білдірген Тасқын Тұрғанғазыұлы бұл тарихи құжаттың өн бойы тұтасымен республика тұрғындарының еңбектеген сәбиінен еңкейген қариясына дейін қамқорлық пен қолдауға тұнып тұр деп есептейді. Президенттің бүлдіршіндердің мектепалды білім сапасын арттыру, 2019 жылды «Жастар жылы» деп жариялау, мұғалімдердің мәртебесін өсіру, ең төменгі жалақы көлемін көбейту, дәрігерлік қызметті жақсарту, жалпы, азаматтардың жайлы өмір сүруін қамтамасыз ету туралы нақты тапсырмалары оны айрықша риза еткен.



– Дүниежүзілік банктің «Бизнес жүргізу жеңілдігі» рейтингісі бойынша Қазақстан 190 елдің ішінде 36-орынға көтерілгеніне қарап көңіліміз жақсылық жаққа жақындай түскендей болды. Енді Елбасымыздың 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап шағын және орта бизнеске «салық амнистиясын» жариялауы бұл салада жарқын істердің қанатын кеңінен жайдырады деп нық сенеміз, – дейді шаруашылық басшысы.

Нұрәділ БЕГІМБЕТ



ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА НЫҚ СЕНІММЕН ҚАРАЙМЫЗ!

Күні кеше ғана жолданған Елбасының Жолдауы халыққа тағы бір сенім ұялатты. Мемлекет дамуының дара жолын нақтылап берген Жолдау Сарыбел ауылы Х.Көбіков атындағы орта мектепте кезекті рет талқыланды. Талқылауға мектеп ұжымы, шағын орталықтың тәрбиешілері, ата-аналар қатысты. Жолдаудың әр тармағы түсіндіріліп, ауыл тұрғындарына жеткізілді.

Елбасы Жолдауынан мемлекетіміздің мәңгілік мұратын көруге болады. Жолдаудағы халық жағдайын жақсартып, азаматтардың өмір сүру деңгейі мен тұрмыс сапасын жақсартуға берген нақты тапсырмалар, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосылуға деген ұмтылыс әрқашан қай мемлекет үшін де қажет. Елбасымыз айтпақшы: «Адам еңбекқор болып, өз кәсібін жақсы меңгергенде және лайықты жалақы алуға немесе жеке кәсіп ашып, оны дамытуға мүмкіндік болған кезде табыс артады».

Ұлт мақтанышы, белгілі ақын Мағжан Жұмабаев ағамыз өткен ғасырда «Мен жастарға сенемін» деп ұран тастаса, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «жастар жылы» деп тағы қуантты. Оңы мен солын енді ғана танып, «өмір мектебін» неден бастарын білмейтін қазақстандық жастар үшін қолдау көрсетіп, олардың жағдайын жасау – үлкен бастама. «Жас келсе іске» деген халық даналығы бекер айтылмаса керек. Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттің басымдылығына айналғаны тиіс екенін нақтылап берді.

Барлық сала ескерусіз қалмай, әр тапсырманың жіті орындалуын талап еткен Мемлекет басшысы ғылым мен білімнің дамуына деген жанашырлығын атап өтті. Бұл – біз үшін үлкен құрмет. Өзге елдермен мемлекетіміздің иін тіресіп, бәсекеге қабілетті болуы – жарқын болашақ үшін маңызды. Елбасының әр жылғы жолдауларының тыңғылықты атқарылып, орындалып жатқанына халқы куә. Бүгінде Жолдаудағы мақсаттардың орындалуын ел болып қолдағанымыз дұрыс. Себебі әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын түсінуі тиіс. Игі бастама – ел игілігі. Ендеше, ел болып жұмыла кірісіп, болашаққа нұрлы із қалдырайық!

Бағдат АБДИЛДАЕВА,
«Х.Көбіков атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ директоры.



ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Біздің еліміздегі латын әліпбиіне көшу үрдісі тәуелсіздік тарихымен ұштасып, өз жалғасын тауып отыр. Неге десеңіз, мемлекеттік дербестік аясындағы біздер саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларда өзіндік сара жолы мен ұстанымы бар, жаһандық аренада мойындалған халықпыз. Міне, осылай әлемдік деңгейде өзіндік тұғырымызды берік орнатып алған соң, мемлекетіміздің одан әрі нығайтып, ғұмырының ұзақ болуы үшін түрлі саладағы заман талабына сай жаңарулар керек-ақ. Сондай ұлттық жаңарудың ауқымды белесінің біріне Елбасымыз Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «...Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек» – деп айтқан сөздері негіз бола алады. Бұл дегеніңіз – мемлекет тарапынан қазақ тілінің қолдану аясын нығайту үшін жүргізіліп жатқан жұмыстардың белгісі екендігін айқындап отыр. Яғни келешек жас буынның әлемдік өркениеттен тыс қалмауы үшін тіл дамыту саласында осындай нақты шешім қабылдауымыздың қажеттілігі – бүгінгі күннің талабы.

Себебі бүгінгі жаһандану заманындағы ақпарат алмасу мен технологияның тілінде ағылшын тілі басқа тілдерден әлдеқайда басымдық танытуда. Яғни бұл дегеніңіз – ағылшын тілінің бүкіл әлем бойынша ақпарат пен технологияны дамытуда үлкен тиімділікке ие деген сөз. Ал аталмыш ағылшын тілі өзінің түп төркінін көне Грекия мен Римдегі латын алфавитінен бастау алғандығын тарихтан білеміз. Енді осындай жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасы әлемдегі дамыған мемлекеттердің көшінен қалмау үшін және бүкіл дүниежүзілік ақпарат пен технологияның, білім мен ғылымның кеңістігіне енуі үшін аса қажет латын алфавитін үйрену, меңгеруі және сол алфавитте жазуға көшуге қадам жасауы кезек күттірмейтін мәселе екендігі айдан анық болып тұр емес пе?! Бұндай шешім қабылдап, нақты қадамға баруымыздың себебі жер шарын мекендеп жатқан адам баласының 60-70 пайызы оқу, жазу үрдісінде латын әліпбиін қолданады. Оған қоса, әлемдік техникалық құрал, аспаптардың атаулары мен түсініктемелері де латын әрпіне негізделген.

Демек, осы тұрғыдан алғанда болашақтың, жаһандық интеграцияның кілті латын графикасы болып тұр. Жалпы алғанда, түркі мәдениеті мен өнерін зерттеп, зерделеп, әлемдік деңгейде насихаттау мақсатымен құрылған ТҮРКСОЙ-дың келелі бір жиынында түркітөктес халықтардың бәрі де латын әліпбиіне көшуді бірауыздан қолдағаны және бар. Сондай-ақ латын графикасын қабылдау, қолдану арқылы бүкіл түркі жұрты ортақ, жүйеленген жазумен бұрынғыдан да бір-біріне етене жақындаса түсетіні хақ. Енді оған замана ағымына сай қазіргі таңдағы хабарламалар, ғаламтор желісі, ұялы байланыс

т.б. бәрі-бәрі латын әрпімен таңбалануда. Осынау замана ағымынан туындап отырған қажеттілікті мойындамау әбестік болар деп ойлаймын. Және де бұл істің біздер үшін ұтымды жақтары да баршылық. Мәселен,

1) Қазақ халқының нағыз төл мәдени мұралары мен рухани байлығымызды Кеңестік қызыл империяның түрлі қолдан жасалған, бұрмаланған үгіт-насихатынан аршып аламыз.

2) 1929 жылы 7 тамызда КСРО ОАК-нің және КСРО Халық комиссарлары президиумы шығарған «Біртұтас түркі алфавитін енгізу» туралы қаулысы өз жалғасын тауып, сол кезеңгі рухани мұраларымыз қайта оралып, халық игілігіне жарайтын болады.

3) Латын қарпіне Түркия 1928 жылы көшсе, Өзбекстан, Әзірбайжан мемлекеттері тәуелсіздіктен кейінгі жылдары ауысты. Міне, біз де осы тегі, түбі, тілі, діні бір бауырлас елдердің бәріне ортақ ұлы көшке бір бүйірден қосылып, қандас түркі әлеміне аяқ басқалы отырмыз.

Ал өткенге қысқаша оралар болсақ, 1929 жылға дейін қазақ жерінде ислам дінімен бірге келген араб әліпбиі кеңінен қолданылып келді. Бұдан «қазақтың төл жазуы болмады» деген жаңсақ ой туындамауы үшін одан бұрын түркі сына жазуы болғанын естеріңізге сала кетейін. Содан кейінгі ұлт тарихында қазақ жазуы Кеңес өкіметі тұсында бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Бұл үрдіс қазақ ұлтын жоюды мақсат еткен отарлық саясаттың жанталасып жүзеге асырған реформалары еді. Империялық өктем саясаттың құрбаны бола жаздаған тіліміз 1929-1940 жылдары латын алфавитіне көшірілді. Одан көп ұзамай яғни, 1940-1941 жылдары Қазақстан Үкіметі қаулысымен кириллицалық жазу үлгісіне ауыстырылды. Кириллица әрпімен рухани құндылықтарымыз болып табылатын Қазақ елінің тарихы, мәдениеті мен әдебиеті кеңінен жазылды. Оларды келешек жас ұрпақтың игілігіне жаратуы үшін, жаңа графика латынға аударылуы қазіргі ақпарат заманындағы жетік техника арқылы жүзеге асатынына сеніміміз мол.

Жалпы, сөзімді қорыта келе айтарым, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі жасалып, Елбасымыздың пәрменімен бекітілді. Демек, замана талабы мен сұранысына сай латын әрпіне көшу ұлтымыздың сана-сезімін отарлық бұғаудан, түсініктен арылтып ғана қоймай, түбі бір түркі және жаһандық ықпалдасуға араластырып, жасампаздық жолындағы жаңарудың бір ерекше көрінісі болмақ. Нәтижесінде, ұлттық, тілдік қасиетіміздің жаңаша жаңғыруының ұласуы, әлемдік ықпалдастықпен етене араласып, өркениет деген «ұлы көшпен» өсіп-өркендеуге үлкен жол ашады деген нық сенімдемін.

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
тарихшы

Кеш болмасын десек...

«Мамандардың миына (бар болса) қандай шатпақ кірерін болжау мүмкін емес» деп ашына жазады белгілі журналист Серік Әбікен. Мамандар деп тіл мамандарын айтып отырғаны белгілі. «Ережеге емес, еріккен филологтардың тиын табар ермегіне айналған тіл ғой, іздеушісі, сұраушысы жоқ...» деген сөздерін оқығанда «ра айтады» деппін өз-өзіме сөйлегендей дауысым шығып. Айтса айтқандай, десе дегендей. Осы тақырыпта көптен бері менің де көкейімде біраз дүниенің жүргені рас.

Неге екені белгісіз, «қош» деген бір ауыз сөзді біз орынды жерге де, орынсыз жерге де пайдаланып жүрміз. Мысалы: мектептердің есігінде біздің кезімізде «Хош келдіңіздер» деген жазу тұрушы еді. Бүгінде «Қош келдіңіздер» деп тұр. Бұл қалай деп айтайын десең, бүкіл ақпарат құралдарында осылай жазылуда. Менің түсінігімде «хош» деген сөз көтеріңкі көңіл күйді білдіреді. «Көңіл хошы жақсы екен», «хош иісті гүлдер», «біздің ортамызға хош келдіңіз!» т.б. Ал «қош» деген сөз «қоштасу», «қош бол аяулым», «қимай-қимай қош айтысты» т.б. мағынада қолданылады емес пе? Мен ақымақпын ба, мамандар ақымақ па? Тағы да осы «х» мен «қ» әріптеріне байланысты, «хас батыр», «хас жүйірік», «хас сұлу», «хас шебер» т.б. деген сөздер бүгінде көбіне-көп «қ» әрпімен жазылып жүр. Оу, бауырлар-ау, «қас» деген қазақтың сөзін «қас-қабак» дегеннен басқа «қас дұшпан», «қаскөй адам», «қастық жасады», «қастандық» т.б. осындай мағынада қолданбаушы ма еді? Неге біздер «хас» сөзімен, «қас» сөзін шатастырып алдық. Онда «хат-хабар» дегенді «қат-қабар», «хат келді» дегенді «қат келді» деп жазамыз ба? Бұл не жасанды орашалақтық? Енді керісінше, «Қасымбек» дегенді «Хасымбек», «Бахтияр» дегенді «Бахтияр» т.б. деп жазатын да, айтатын да әдет таптық. Адамдардың тегі мен есімдеріндегі келеңсіздіктер бір бұл ғана емес, толып жатыр. «10 миллион қазақ бірінің тілін бір ұғудан қалып барады» деп шырылдаған журналистерді тыңдайтын тіл мамандары бар ма? Бар болса, неге үндемейді? Тіліміздің бүгінгі телім-телім ахуалына неге үн қоспаймыз? Тілді шұбарлап, мектеп табалдырығын аттаған балалардың санасын сансыратып, шатастырып отырған тіл мамандары, терминология комиссиялары халықпен неге санаспайды? Білім министрі қайда қарап отыр?



Бастауыш сынып оқушыларының оқулықтарын жасап отырған «ағайлар мен апайлар» сабилерді аясаңыздаршы. Оқулықтағы берілген тапсырмаларды 7-8 жастағы бала түгіл, ата-аналар қиналып орындайтынын білесіздер ме? Олар ұялмай (кешегі мектеп бітіргендер ғой) мұғалімдерге телефон соғып, көмек сұрайтын халге жетті.

Оқулықтар мен баспасөз беттеріндегі біз тиіп-қашып мысал келтірген былықтарға тоқтау болмаса, ұрпағымызды жасанды түрде мәңгүртке айналдыратын түріміз бар.

Ол аз десеңіз, бүгінгі жастар қысқартпа сөздерді қолдануды әдетке айналдырды. Бұрынғы КПСС пен СССР-дің орнын енді «барамыз ғо» – барамыз ғой дегені, «баратырық» – бара жатырмыз дегені, «келатырық» – келе жатырымыз дегені, осындай сүйкімсіз сөздермен сөйлесетін болып алды. Әлі жас қой, әлі түзелер десек те,

«ауру қалса да, әдет қалмайды» дегендей, өмірге келетін ұрпақтарына да олар солай сөйлемесіне, солай тәрбие бермесіне кім кепіл? Онда, олардан үлгі алған келешектің тілі не болады? Ел болып, халық болып бүгін қолға алмасақ, ертең кеш болары анық, ағайындар!

Исламғали ЖАРКЕНТИ,
Панфилов аудандық «Қазақ тілі»
қоғамдық бірлестігінің төрағасы.



дегенде біз кешегі жауға қасқайып тұрып төсін төсеп, айдаһардай аранын ашқан ауыр артиллерия мен танктерге, қара құзғындай көкпен сусылдаған жау авиациясына қарсы шайқасқан жауынгерлердің олармен қалай соғысқанда да, олардың өмірін сақтап қалуға орай әрекет еткен командирлердің, ержүрек қолбасшылардың ерлігін ұмытпадық па? Оларды кейінгі ұрпақ есте ұстайтындай естелікті іс-әрекеттер жасадық па? Барлық мәселенің түйіні осында.

Екінші дүниежүзілік соғыс барысында бейбіт жатқан КСРО еліне бүйідей тиген фашистік Германия бастаған қанды қырғын 1418 күнге созылды.

1941-1945 жылдардағы қиян-кескі соғыс Ұлы Отан соғысы деп аталуы тегіннен-тегін емес. Соғыс даласында әрбір жауынгер бірінші

жүрді. Түбі бір туыс туралы, қазақ айтатын «екі туып, бір қалғанымыз» жайлы қалам таратпасақ аруағы риза болмайтындай көрінеді. Сабыр Рақымов Ұлы Отан соғысы басталғанда 1941 жылдың маусым айында майор шенінде мотоатқыштар полкі командирінің орынбасары болып ұрысқа кірген. 1942 жылы қыркүйек айында 56-армияның құрамындағы 395-дивизияның командирі болып тағайындалған. 1943 жылы Орта Азия халықтарының арасынан шыққан, тұңғыш генерал-майор атағын алған Сабыр Рақымов Қазақ елінің мақтанышына айналды. Суан елінің азаматы. Ұлы жүз ішіндегі Суан баба ұрпақтары екіге бөлінген Ханбағыстан тараған ұрпақтары Қазығұрт тауының төңірегін мекендеген олар Бағыс Суан атанған, Жаркент шұратын мекендейтін Суандар Арқастың

құйылған арғымақ аттың мүсінін, Буденныйдың өзінен қылды қиып түсер алмас қылыш алған, алғыр да айбарлы командирден болашақтағы генералдың бейнесі сомдалды. Қиын-қыстау күндерде көрсеткен ерлігі үшін Сабыр Рақымов 1937 жылы «Қызыл ту» орденімен марапатталды. 1930-1936 жылдары екі рет «Қызыл Жұлдыз» орденінің иегері болуы да елдің тыныштығын сақтауға қосқан үлесі үшін берілді.

Сабыр Рақымов Ұлы Отан соғысына Самарқанда әскери басшы болып жүрген жерінен аттанды. Ауыр ұрыстар кезінде өз қарамағындағы әскери күшті ұтымды пайдаланды. Аз шығынмен жаудың әскерін көп шығынға ұшыратуды, тез қимылдауды шебер меңгерген Сабыр Рақымовқа Солтүстік Кавказдағы жауды талқандаудағы ерекше ерлігімен көзге түскені үшін

ҚАҒАРЛЫ ЖЫЛДАРДЫҢ

«Уақыт деген зымырап өтіп жатыр, Данышпандар шетінен кетіп жатыр...»

Заманымыздың атақты ақын-дарының бірі – Қадыр Мырзалиевтің осы өлең жолдары заман ағымындағы қан тамырының лүпілін тап басып тұрған сияқты. Жыл сайын қыстың аязы қайтып, көктем лебі сезіле бастағанда, мені іштей бір мазасыздық жайлай бастайды. Кешегі қанды соғыстың дүрбелеңі басылып, қырғын аяқталғаннан кейін бес жылдан соң туылған маған соғыстың барлық ауыртпалығын көтерген, екі баласынан айырылған ағайын –туысын жоғалтқан әкемнің күйзеліс жылдардағы қанындағы мазасыздық маған да берілген сияқты.

Адамзат баласын орасан зор апатқа ұшыратқан дүниежүзі халқының 80%-ын құрайтын 61 мемлекет қатысқан, 65-67 млн адам опат болған Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы әлі де халықтың есінен кетпейді. Қазақ халқы да қан майданға 1 млн 200 мыңнан астам боздақтарын аттандырды, майданда ерліктің үлгісін көрсетіп, талай-талай ұлыларды өмірге әкелетін жастарымыз өмір қызығын көрмей, қыршыннан қиылып, көр қойнауына кетті. Майдан даласында қаза тапқан 600 мыңдай сол батырлар жеңіс күнін жақындатты. Жеңіс те келді. Міне, осы сәтте мен де мазасыздық күй кешемін.

Мынау ашық аспан, жарық дүние, қамсыз өмір. Тыныш, көңілді мейрамды күндер. Бәрі көңіл көншітерлік шақтар. Бірақ мұның есебі бар емес пе? Қандай есеп

туған отбасы-ошақ қасын қорғау арқылы, өзінің ұлан-ғайыр даласын жау таптап, қорлық пен езгінің астында қалмауын тілеп, бойында қасық қаны қалғанша шайқаста. Жеңісті күндерді жақындатқан жауынгерлердің ерлік үлгісі ұрпақтарға ұран болып қалды.

Пай-пай өмір!
Өтесің-ау бір күні.
Тиясың-ау қуанышты, күлкіні.
Өмір деген жарқ еткен найзағайдай,
Өмір деген көк аспанның күркүрі.
Хантәңірінің мұзбалақ ақыны Мұқағали ағамыздың осы толқу өлеңі сол ағаларымыздың жасындай өмірі. Олар өмірге келді, найзағайдай жарқ етіп, ерлік көрсетіп, қан майданда қаза тапты, күркүреген күндей сан-сапалақ шайқасты әңгіме етіп тірі қайтқан ардагер-жауынгерлер де өтті дүниеден. Кешегі сұрапыл ұрыстың белгісі болып тас тұғырға солдат мүсіні тұрғызылып, қаза тапқан ерлердің есімдері тасқа басылып жазылды. Туған жерінде ардақталғандары қаншама? Ұлтының мақтанышына айналған батырлар есімі де ел есінде. Әйтсе де көңілге түйткіл салатын нәрсе бар екен.

Бір жарым айдай бұрын кітап сөресінен өзіме қажет болған бір кітапты қарастырып жүріп қолыма алған кітапқа қарасам, Алматыдағы «Нұрлы әлем» баспасынан 2007 жылы шыққан Ерлік Дүйсебековтің «Генерал Сабыр Рақымов» деген деректі повесі екен. Алғаш повесті шыққан кезде бас алмай оқып шыққам. Парақтап орнына қойдым. Содан кейін осы есім ойымда

баласы – Тоқарыстан, ал Бекарыстың баласы – Бәйтүгей таралады.

Генерал Сабыр Рақымовтың арғы атасы – Жетібай батырдың ұрпағы Мәмбетқұл датқа атағы алысқа кеткен, дәулетті адам болған.

Генерал Рақымовтың өмір жолын зерттеп, архив деректерін ақтарып бірнеше мақалалар топтамасын шығарған «Лениншіл жас» қазіргі «Жас алаш» газетінің Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі Әкім Ысқақтың «Қазақ

2-дәрежелі Суворов орденімен КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы М.И. Калининнің қолымен жазылған Алғыс хатын алды. Ростов бағытындағы жаумен шайқастардағы ерлігі үшін «Қызыл ту» орденімен марапатталды. Майдан даласындағы қайсарлығы үшін КСРО Халық Комиссариаты 1943 жыл 19 наурыздағы бұйрығымен генерал-майор атағы берілді. Даңқты жерлесіміз туралы Е.Дүйсебековтің «Генерал Сабыр Рақымов» әскери



үні» газетіндегі Е.Дүйсебековтің «Генерал Сабыр Рақымов» деректі повестеріндегі мағлұматтарға сүйенсек, атасы Мәмбетқұлдың тәрбиесін көріп, арабша хат танып өскен делінеді. Әкесінен жастай қалса да, қанына тартып самдағай, ширақ болып өскен Сабыр Кеңес өкіметі орнағаннан кейін ауқатты адамдардың балалары оқуға қабылданбайтынын естіген соң, нағашы атасы Рақымға шағынады. Білімге құштарланған баланың ой-арманын тез пайымдаған нағашысы Рақымов деп жаздырып мектепке береді. Ұлы Отан соғысы басталғанда Сабыр Рақымов әскери соғыстың қыр-сырын меңгерген, әрбір шабуылын жаудың қимыл әрекетіне қарай тактикалық тұрғыдан белгілей алатын сара қолбасшы болып қалыптасқан еді. Әзірбайжанның астанасы Баку қаласындағы әскери мектепті үздік бітіріп, Тәжікстанда бүлік шығарған, бейбіт елді қырғынға ұшыратқан басмашыларды тас-талқан етеді. Азамат соғысының даңқты қолбасшылары М.В. Фрунзенің қолынан қоладан

қабілеттілігі туралы қарулас жолдастары өте жағымды пікірде еді.

Әскери саладағы талантын таныған бас штаб генералды Мәскеуге академияға оқуға шақырады. Майдан даласының қиын телімдеріне көмек қажет болған кездерде де, генерал тайсалмай өз дивизиясын жылдам ұйымдастырып, діттеген жерден дәл уақытында табылатындығы жөнінде 1-інші кейін 2-нші Беларусь майданын басқарған маршал К.К. Рокоссовский командованиеге генералды жоғары бағалағаны мәлім. Осындай қадау-қадау ерлігі үшін кезекті «Қызыл ту» мен Богдан Хмельницкий ордені тапсырылады. Қазақ халқының батыр ұлы майдан даласын көктей өте отырып, өзі басқарған 65-армияның құрамындағы 37-атқыштар дивизиясы мен 1944 жылдың қаңтарынан бастап Польша жерін жау әскерінен азат етуге кіріскен.

Е.Дүйсебековтің «Генерал Сабыр Рақымов» кітабының беташар сөзін жазған Кеңес Одағының батыры Тоғанбай Қауымбаев пен Сабыр Рақымовтың екеуінің кездесуі адам





жанын тебіренеді. Генералдың Тоғанбаймен кездесуінде алыста жатқан туған жерін, туған-туыстарын аңсауы батырды көргенде қазақ екендігін айтып, арқа-жарқа әңгімелесуінен біздің ұлттық дарқандығымыздың көрінісін көреміз. Осы екі қазақ батырының қарым-қатынасы Ұлы Отан соғысының ардагері жазушы Н.Төлендіұлының «Қазақтың қос батыры» романында шынайы берілгендігі ақиқат. 1945 жылы кеңес әскерлерінің бас командованиесі Висла-Одер шабуылдау операциясын жоспарлаған еді. Мақсаты

жүргендігі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа да жеткендігі мәлім. Екі елдің бірінші хатшылары телефон арқылы сөйлесіп, бір мәмілеге келгенге ұқсайды. Екі басшы да сол кездегі саясатқа байланысты ұлттар сыйластығын сақтауға барған болуы керек. Ел тәуелсіздігін алғаннан кейін ұлттық санаға өзгеріс ене бастағанда, даңқты жерлесіміздің атын республикаға қайтару мәселесі қайта көтерілді. Генералдың өмірбаянын зерттеген, зерделеген қазақ жазушылары қазақ

ҚАҢАРМАНЫ

немістердің «Орталық» деп аталатын әскери тобын талқандап, Польшаны басқыншылардан азат етіп, тікелей Берлинге соққы беруге жағдай туғызу болатын.

Даңқты қазақ генералы 1944 жылы 26 наурызында осы операцияны іске асыру барысында бақылау пунктіне кетіп бара жатқанда, жау минаметі снарядының жарықшағынан қасындағы серіктерімен бірге жараланады. Жау оғының жарықшағы бас сүйегінен өтіп, миын зақымдаған. Генералдың демі үзіліп бара жатқанда, қасында болған лейтенант Тоғанбай Қауымбаев – батырдың ең соңғы сөздерін естіген, іштей жаны күйзеле отырып, сөздерін аманат ретінде халқына жеткізген жандардың бірі. Батырдың жан-жүйені солқылдататын қазақша айтқан соңғы «Әй, Тоғанбаймысың? Көзім, бауырым. Түбі суырып барады. Ой, жарық дүние-ай!» деп барып есін жоғалтқан сәтін тебіреніссіз қабылдай алмайсыз. Майдан даласында жауға қарсы ауыр ұрыстарды өзі басқарған, жауынгерлерді көптеген операцияларда жеңіске бағыттай білген генерал Сабыр Рақымовтың қазасы көптеген жауынгерлердің, туған-туысқандарының, бауырлас өзбек халқының да қабырғасын қайыстырып жіберді. Деректер бойынша, Сабыр Рақымовтың сүйегі 1945 жылы 25 мамырда Ташкент қаласына жеткізіліп, сондағы бауырластар зиратына жерленген. Сұрапыл соғыс жүріп жатқан кездің өзінде өзбек үкіметі батырдың мәйітін алып келіп, өзі тұрған өлкеге әкеліп жер қойнына тапсырған. Халық арасында дәріптеліп үлкен ескерткіш тұрғызып, мектепке, көшеге, метроға есімі берілді. Алғаш мектепке барғанда Рақымов ұлты өзбек деп жазылғандықтан.

Сабырдың туған-туыстарының архив құжаттарынан іздестіріп, қазақ екенін дәлелдеп



екенін, оның ішінде ұлы жүздің Суан тайпасынан тарайтын Ханбағыс екендігін жүйелеп берді. Осы мәселеден кейін өзбек жеріндегі генерал Сабыр Рақымовқа қатысты мектеп, көше т.б берілген атаулар өзгертіліп, ескерткіш басқа жерге көшірілген. Туған жері, елі батыр ұлын дәріптеуді дереу қолға алды. Қазығұрт аймағындағы елді мекенге Көкібел ауылындағы мектепке, Шымкент қаласындағы республикалық әскери мектеп-интернатқа, атақты қолбасшының қазаққа қайта оралған ұлының есімі берілді. Сабыр Рақымовтың қазақ халқының мақтанышына айналуына, ұлтының қазақ екендігін бар даусымен баспасөз беттерінде, теледидарда жар салып айтқан оның сүйікті жары – Құралай Натулаева. Азамат соғысының батыры Әліби Жангелдиннің қызы Құралай екеуі қосылып, майданда жауға қарсы шайқасқан, жау оғына жараланып жатқан Сабыр Рақымовтың қасында сүйікті жары Құралай да қан жұтып, басын құшақтап отырды.

Қашанда, тегінде қазақ ұлтының қаны жатқан рухы биік асыл азамат жары Құралайға да, өзінің қазақ екендігін менің жоқтаушым сен боласың, қазақ екендігімді елге жеткізесің, осыны аманаттаймын деп айтып кеткен батырдың өсиетін орындаушылардың бірегейі. Кеңес Одағының батыры атағын алған дивизия командирі болған генерал-майор Сабыр Рақымов Қазақ еліне оралды.

Әскери қолбасшы ретіндегі ерліктері майдан төрінде әрбір жауынгерге бауырындай қамқорлық жасайтын, соғыс арасындағы аз-кемдік тыныс алу сәттерінде қазақ бауырларын туған жерін, елін, бауырларын еске алып, әдемі әңгіме өрбіткендігі туралы газет, кітап беттерінде естеліктер аз жазылған жоқ.


Батыр ағамыз туралы Қазығұрт баурайындағы ақын бауырымыз Амангелді Құралов «Батырыма тағзым ет» деп Суан бабамыз жайлы толғай келе:

Сабыр батыр тартыпты Суаным,
Тектіден текті ұрпақ туады да.
Айлалы, қайратты екі алыпты,
Ұқсатамын Қазығұрттың қыранына – десе,
өзіміздің ақсақал ақынымыз Оразхан Асқар
«Сабыр Рақымов ескерткіші алдында» өлеңінде:
Ерте елдің қорғаған еркіндігін,
Қайталадың ерлігін Елтіңдінің.
Жалғастырды үлгіңді желтоқсанда,
Қарындасың Ләззат пен Ербол інің, – деп тағдыр
айдауымен екі жақта бөлініп жатқан Суанның екі

баласының рухани бөлінбейтінін паш етеді.

Өз ұлын өз ерлерін ескермесе,
Ел тегі, қайдан алсын кемеңгерді – деп
айтқан қазақ поэзиясының құлан жүйрігі Ілияс
Жансүгіраттің осы өлеңі генерал Сабыр Рақымовқа
арнап айтылғандығы дәл бүгінгі күні көрініп тұр.

Қазақстан Тәуелсіздігінің 27 жылдық мерекесі
ел іргесін нығайтты. Ел еңсесі биіктей түсті.
Қолға ерікті түрде қалам алғызған Елбасымыз
Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани
жаңғыру» мақаласы – саналы қазақ қоғамына
салиқалы сөз салып, тың ойлар туғызатын ұлағатты
сөздер. Мысалы, «Өзінің біртұтас ұлы ұлттың
перзенті екендігіңді әсте ұмытуға болмайды»
дегенінде үлкен мән жатыр. «Мәңгілік ел» идеясын
алға таратушыларға айтылған бағдар. Мақаладағы
«Туған жерге туынды тік» жобасында патриотизм
туралы айта келе «Әрбір өлкенің халқына суықта
– пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде
сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін
жас ұрпақ біліп, өсуге тиіс». Елбасымыз айтқандай,
генерал Сабыр Рақымов Қазақстанның даңқты
біртуар азаматы. Биыл туғанына 117 жыл толып



отырған батырымызға біз мынау Жаркент өңіріндегі,
қала берді бүкіл республикаға таралатын іс-
шаралар өткізуіміз керек. Мұндай ізгі шараны өткізу
үшін табан тірер тұғыр керек, ол үшін аудандағы
кенестік дәуірдің сарқыншағы болып жойылмай
тұрған мектептерге, көшелерге, елді мекендерге
генерал Сабыр Рақымовтың есімі берілуіне ықпал
етуге тиіспіз. Қаладағы іргелі мектептердің
бірі Н.Крупская атындағы орта мектептің атын
өзгертудің уақыты келген сияқты. Осы игілікті іс
шешімін тауып жатса, Астана қаласында да осындай
шаралар жүргізіледі деп сенемін. Батыр есімінің
ұлықталуын Жаркент аумағының зиялы қауымы,
қалың жұртшылығы қолдап отыр. Осы айтылған
ойлар бұрын да көтеріліп барып басылып қалды.
Бұл игі шаралардың бәрі жұртшылықтан қолдау
тауып отырса, қазірдің өзінде өңірімізде көптеген
тыңғылықты істердің ұйытқысы болып, атқарған
жұмыстарының нәтижесін көрсетіп жүрген аудан
әкімдігінің азаматтары абыроймен бітіретіндігі
белгілі. Әрбір ауылдың жасы мен үлкені келіп тағзым
ететін қасиетті жер бізге емес, елжандылық рухта
тәрбиеленетін келешек ұрпаққа қажет екендігін
түсіне білген кісі қандай құрметке де лайық. Батыр
Суан бабамызға тартып, өшпес ерліктің құдыретін
көрсеткен генерал Сабыр Рақымовтың атымен
аталатын мектеп не болмаса елді мекен не болмаса
оларға орнатылған ескерткішке адамдар тағзым
етіп, тоқтамай өтпейтін қасиетті жерге айналуы тиіс.
Осы мақаланы жазу барысында материалдар
жинастыруға қолғабыс жасап, рухани демеушілер
бола білген елжанды азаматтарға, тарихшы
Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің директоры
Мұхаметәлі Туғамбаевқа, Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі, аудандық білім бөлімінің инспекторы
Роза Ыстайға үлкен ризашылығымды білдіремін.

Молот СОЛТАНАЕВ,
ақын, Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.



Ер есімі – Елтінді

XVII ғасырдың 30-жылдарында басталып, XVIII ғасырдың 80-жылдары Жоңғар мемлекетінің жойылуымен аяқталған, қазақ-жоңғар соғысының көрнекті тұлғаларының бірі – Елтінді батыр. Орбұлақ шайқасында қазақ батырларымен тізе қосып, ерен ерліктің үлгісін көрсеткен батырға жерлестері 1998 жылы Алмалы ауылында туылғанының 400 жылдығын атап өтті. Басқұншы-Алмалы тас жолының бойына кесене тұрғызылып, Алмалы орта мектебінің ауласына бюст қойылды. Ауылдағы көшенің бірі Елтінді батыр есімімен аталды. Халықтың сұрауы бойынша 1999 жылы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің №1436 қаулысымен Алмалы орта мектебіне Елтінді батыр есімі берілді.

Тарихына терең зер сап қараңыз, Ерлік ісін, шежіреден табамыз. Тасқа таңба болып түссе кейбірі, Бірі жайлы ел аузында бар аңыз.

Жан жоқ шығар ертегі тыңдамаған, Баба ерлігін айтады жыр да маған. Елмен, ердің көп жайын аңғарамыз, Қазыбек бек қалдырған жылнамадан.

Ықылымда би, батыр, хандар өткен, Ел-жұрт қорғап, алысып көбе сөккен. Азуын айға білеген сан жыртқыштың, Омыртқасын опырып, қанын төккен.

Сондай бір кез қырық үште басталды, Бұлт торлады қазақ тұрған аспанды. Бейбіт жатқан қамсыз елге бүйідей, Батур бастап елу мың қол бас салды.

Хан Жәңгір батырлармен тізе қосып, Қара селдей қалмақты келген жосып, Спартандық ерлердей елін сүйген, Қаймықпай қарсы алды кеуде тосып.

Тайсалмайтын көк найзадан, Жебеден, Қиын кезде тар қолтықтан демеген. Батырлар-ай, елдің болған ұйытқысы, Сенің жерің, менің елім демеген.

Дүбір шықса, бас қосатын бар саңлақ, Үйде бұғып отырмайтын жалтаңдап,

Серт байласып, бір қазаннан дәм татып, Елден жауды қуатұғын талқандап.

Жар салғанда Қаратаудан Қарасай, Батыр біткен атқа қонған тола сай. Жау сұраған ақ алмасын емінтіп, Ұлы Арқадан үнін қосқан Ағынтай.

Күндіз-түні елдің қамын ойлаған, Қиын-қыстау кезде серттен таймаған. Ел шетіне жау енді деп есітіп, Атқа қонған, біраз батыр Найманнан.

Ерегесте дұшпанын еңсеретін, Қаймығып, сескеніп жау теңселетін. Батырлардың бөленген ықыласына, Қарсы алды жұрт, Найманның Көксерегін.

Алдырмайтын көп дұшпанға аңдыған, Топқа кірсе айналасын қан қылған. Серке санды тұлпар мініп арымас, Сарыбұқа батыр келді Қаңлыдан.

Қазақ түбі бірге санап қырғызды, Атастырып бесігінде ұл-қызды. Құда болып, аңда болып дос-жаран, Екі араға талай жорға жүргізді.

Жекпе-жек деп қан жұтқызған талайға, Кеудесінде жарқылдаған шарайна. Қазақ бауыр басына іс түсті деп, Үйсін таудан асты қырғыз Табайда.

Кезенсе мүлт кетпейтін атқан оғы, Ата жауға жүрегі кекке толы. Бар қаруын асынып, шарт түйініп, Дулаттың келді мерген Жақсығұлы.

Қалай айтсаң мақтауға лайық тағы, Жасанып Арғын Қомпай келді тағы. Төртқарадан Жиенбет жеке шықты, Қол бастаған ұрыста Жайықтағы.

Кірпік ілмей жау баққан күндіз-түні, Еңгезердей алып еді, сүйегі ірі. Жау тосатын жер таңда деп хан Жәңгір, Ер Суаннан жұмсады Елтіндіні.

Ат тоқымы, ақ көбіктен кеппеген, Қас дұшпаны қия шауып өтпеген. Ел шетінде, жау өтінде Елтінді, Көк найзамен талай қалмақ көктеген.

Қыран еді, тас қияда түлеген, Жүректі еді, жауға семсер білеген. Елі үшін керек десе ер еді, Қысқа күнде қырық өтетін Іледен.

Бауыр тартып бүкіл қазақ баласын, Батырлармен көңіл тауып жарасым. Шетте жүріп, шепке жауды түсірмей, Шола тұғын Іле-Ертіс арасын.

Батырына түсті сонда бар салмақ, Қандай жерде, қалай жауды қарсы алмақ. Бес саусақтай ой-шұқырын білетін, Туып-өскен жері еді бұл аймақ.

Тар кезеңді таңдаған соң Елтінді, Хан әскерін дайындыққа келтірді. Кіндік тұстан жер қазып ап бар жасақ, Оқпанаға оқ тиместей бекінді.

Болсадағы Жаумен күші тең емес, Демеу беріп, жақпар, жартас, қыр-белес. Алты жүз ер жауға ашты майданды, Грек-парсы ұрысынан кем емес.

Жауға кірді Елтінді де, Кекке қайрап қылышын. Жат табанда қалмасын деп, Келер заман, ұл үшін.

Риза болды батырларға, Жанын беріп қорғаған. Ұлан-ғайыр кең даланың, Суан жатқан бұрышын.

Осы оқиға шежіреде жазылған, Шежіре ғой түпсіз менің қазынам. Орбұлақта оқпананың орыны, Куә болып әлі жатыр қазылған.

Демей ме, бөлінгенді бөрі жейді, Бөлінбеген олжасын бөліп жейді. Кемел ойлы, кең жүрек ақылды ұлдар, Туа салып, жұртының қамын жейді.

Елді қосқан батырлар әуел бастан, Олар жайлы жазылған жыр мен дастан. Дегізбей сенің жерің, менің жерім, Қазақтың кең даласын бір қорғасқан.

Көсемдер көбейер ел азарында, Ондайлар, шүкір, аз ғой қазағымда. Олай болса, бас иіп батырларға, Бір қайнайық бірліктің қазанында.

1998 жыл, шілде
**Молот
СОЛТАНАЕВ**

Көп түкірсе – көл

28-қазан Ынтылыда ақ түйенің қарны жарылған күн болды. Неге десеңіз, мешіттің жанынан ауыл азаматтарының қаржысына салынған асхананың құрылысы аяқталып, ресми ашылу мерекесі аталып өтті. Салтанатты жиынға Жаркент Орталық мешіті имамының орынбасары Ұлан Сарпеков, аудан әкімшілігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы Марат Илипов, Қоңырөлең округінің бас имамы Бауыржан Сатыбалдиев, Алтыүй мешітінің имамы Қанатқазы Манапұлы, аудандық мәслихат депутаты Елтай Қожақов және алыс-жақын көрші ауылдардың тұрғындары қатысты.

Ішкі саясат бөлімінің басшысы әрі Ынтылы ауылының тумасы Марат Илипов Панфилов ауданында отызға жуық мешіт болғанымен, оның жанындағы осындай құрылыс саусақпен санарлық екендігін атап өтті. Туған жерінің ауызбірлігі мен еңбекқорлығына жақсы баға беріп, кіндік қаны тамған ауылға деген тілеулегіні білдірді.

Қасиетті Рамазан айында, аспен Құрбан айтта арақ-шарап қойылмайтын, адамдардың басын құрап, дастарқан жаятын осындай қатымханаға деген сұраныс ауыл ақсақалдарының арасында ауызға көп алынып, ең өзекті мәселе болғанына да біраз болды. Округ орталығы Қоңырөлең ауылындағы мешіт жанындағы қатымхананың ашылуы түрткі болды ма, ауыл молдасы Сағдолда қажы мен мәзім Естемес ақсақал биылғы көктемде Құдайдың үйінің жанындағы ауланы тазартып, тәуекелге бел буып, құрылысты бастап кеткен еді. Ауыл азаматтарына жан-жақты хабар бергеннен кейін біреуі кірпішін түсіріп, біреуі бағып отырған малын беріп, енді біреулері қаражатпен көмек көрсетті. Тағы біреулері маңдай терін төгіп, адал еңбегімен



қолғабыс етті. Бұл құрылысқа ерекше еңбегімен, демеушілігімен көзге түскен азаматтарды ел алдында құрметтеп, иықтарына шапан жауып, ауыл тұрғындары алғыстарын білдірді.

Мешіт ауласындағы қошемет сөздер сөйленіп біткеннен кейін Кербұлақ ауданының құрметті азаматы Жақан қажы Самылтыров, ішкі саясат бөлімінің басшысы Марат Илипов және Орталық мешіттің наиб имамы Ұлан Сарпековтер лентаны қиып, асхананы ресми ашты. Жиналған көпшілік асхананың ішіне кіріп, тойға жайылған дастарқаннан дәм ауыз тиді.

Алланың қалауымен іргетасы қаланған құрылыс көпшіліктің қолдауымен аяқталып, болашақта дүйім жұртқа талай қызмет етеді деп сенеміз.


**Қаламқас
АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ**

(Басы 1-бетте)

КЕЙІПКЕРГЕ КЕЙІПТЕМЕ: аты-жөні Ережел Рахымбекұлы Балғабаев. 1954 жылы 8 наурызда туған. 1971 жылы Кішішыған орта мектебін бітіргеннен кейін туған ауылында екі жылдай еңбек етіп, одан соң тағы да екі жыл Кеңес әскері қатарында қызмет етті. 1975 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтына түсіп, оны ойдағыдай аяқтаған соң бірден 1982 жылы Алматы қаласындағы №2 ауруханада нейрохирург болып қызмет жолын бастаған. 1991 жылы №7 қалалық клиникалық ауруханаға ауысып, аурулар қабылдайтын бөлімнің және жалпы нейрохирургия бөлімінің меңгерушісі болды. 2011 жылдан «ХАК» медициналық орталығының нейрохирургі. Алматы облыстық, оның ішінде Жаркент ауруханасында да нейрохирургия бойынша кеңесші. Жоғары дәрежелі нейрохирург. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісінің үздігі. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасымен бірнеше рет марапатталған.

«Алтын дәрігер» медалінің иегері. Нейрохирургтардың бүкіләлемдік съезінің делегаты. Германия, Корея, Біріккен Араб Әмірліктері, Ресей, тағы басқа да алыс-жақын шетелдерде кәсіптік білімін жетілдіріп, тәжірибеден өткен. Жұлын-омыртқа ауруларына барлығы бес мыңнан астам ота жасаған. Жұбайы Ботагөз Нүкетайқызы – белгілі кәсіпкер. Бес қызы бар. Үлкені Гүлнәр «Адем» сауда орталығының бөлім бастығы. Шолпаны өзінің жеке сауда орталығында қызмет етеді. Жанары Лондонда тұрады. Англияда бакалавриат, Миланда магистратураны бітіріп, қазір ТМД бойынша менеджер. Егіз қыздары Мария мен Рая «Болашақ» бағдарламасы бойынша Англияда оқып келді. Немересі Санжар Бейжіңде білім алуда. Тағы бір немересі Анель Миланда сәулет саласында қызмет етеді. Сондай-ақ Әлижан, Айлин атты бал қылықты немерелері бар.

Айтпақшы, Ережел ағамыз өзіне қашанда қамқор болып, жөн-жоба сілтеген ұстазы, күллі қазақта тұңғыш рет «Алтын скальпель» сыйлығын алған Меймантай Көжековті қатты құрмет тұтады.



Ел мақтаған Ережел

«Бауыр» демекші, Ережел – Рахымбек ақсақал мен Әлімхан апаның сүт кенжесі. Өзінен үлкен Қайшан деген әпкесі, Мәлік пен Дүйсен деген ағалары, Қасымхан атты жездесі мен Шолпан, Жидехан деген жеңгелері бар. Айтпақшы, Ережелден кейін Әлімхан апамның бауырында өскен Болатхан Қасымханұлы деген тағы бір азамат бар. Елі бөлек демесең, тура осы Балғабаевтардың құдды өздері сияқты ақкөңіл, аңқылдақ. Кейде еліріңкіреп кететіндігіне дейін соларға тартқан. Сол қара бала бір күні:

– Ойбай, кеше теледидарда «Дауа» хабарын көрдім. Бір қыз біздің Ережелді мақтап сөйледі. Өзі де бір сұмдық сұлу екен. Ағамыз оны емдеп жазыпты. Сол үшін... – дейді аптығып.

«Сол үшін...» сол сәтте қуана құптағанмен, ол хабарға іштей өте елігіп кете қоймадық. Ережел жайлы ондай жағымды пікірді талай рет құлағымыз шалған. Сонау 80-жылдардың соңында марқұм Мәлік ағаның:

– Кешегі «Лениншіл жасты» оқыдың ба? Біздің Ережел туралы Шымкенттен бір кісі жазып, алғыс айтыпты, – дегені есіме түсіп отыр. Өмірден көрген-түйгені мол, аудандық деңгейде басшылық қызметте болған, жай лауазым иесі ғана емес, ел-жұртының рухани серкесіне дейінгі дәрежеге жеткен абзал азаматтың үнінде қанша байқатқысы келмегенмен, бауырына деген ризалық сезімі анық аңғарылап тұр еді сонда.

Енді бауырлары мен ауылдастарының мақтанышына айналған ағамыз туралы аузы дуалы азаматтардың айтқан ой-пікірлеріне де кезек берелік.

Кербұлақ ауданының әкімі Махаббат Сәдуақасұлы Бигелдиев:

– Қазақстанда мен білетін екі-ақ мықты нейрохирург бар. Бірі – Астанадағы Ақшолақов. Ал екіншісі – осы Ережел бауырымыз. Мен оның шипалы қолының дауасын тікелей өзін көрген адаммын. Ережелдей азамат туралы қанша мақтасақ та көптік етпейді.

Панфилов ауданының бас дәрігері Төлеу Құмарбекұлы Сарпекөв:

– Ережел Рахымбекұлының кәсіптік шеберлігінде еш гәп жоқ. Оған қоса азаматтығы, туған елі мен

туған жеріне деген риясыз көңілі өте ерекше.

«Суан баба» қоғамдық қоры мен аудандық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің жауапты хатшысы Дүйсенбек Халықұлы Әлімжанов:

– Шыбын жаныңа шипа іздеп, ауылдан аптығып барғанда алдыңнан аңқылдап қарсы алатын Ережелдей бауырдың болғаны қандай жақсы! Қолынан келетін сырқатты өзі емдеп, басқасы болса оның жөн-жобасын көрсетіп жібереді. Жалпы, осындай іскер жандардың мінезі де қарапайым болғаны бір ғанибет екен-ау...

«Көктал-Арасан» шипажайының бас дәрігері, Панфилов аудандық мәслихатының депутаты Құрманжан Әубекұлы Ахметқалиев:

– Ай-хой, дәурен-ай десеңші. Жалындаған жастық шақтың ең бір көркем кезі – студенттік өмірдің қызығын да, шығығын да бірге көрдік қой, Ережелмен. Енді осынау досымның бүгінгідей биікке жетіп, ел құрметіне бөленгенін көру – біз үшін үлкен мерей.

Жаркент қаласындағы Луначарский атындағы мектеп-гимназияның директоры, Панфилов аудандық мәслихатының депутаты Нүсіпәлі Нұрғалықұлы Темірбаев:

– Ережел аға – ел мақтанышы. Оның жұрттың ілтипатына ие болуы – өзінің таза еңбегімен келген мәртебе. Көпшіліктің ықыласын ресми түрде рәсімдеп, «Панфилов ауданының Құрметті азаматы» атағын беру қажет деп ойлаймын.

Кішішыған ауылының тұрғыны Берік Ерғалиұлы Тазабеков:

– «Қай жерің ауырса – жаның сонда» деген сөз рас екен. Белімнен шойырылып, аяқасты кәріп болдым да қалдым. Содан биылғы Жаңа жыл мерекесінен кейін «Жан қысылғанда жақынын табады» демекші, Ережел ағамен хабарластық. Ол кісі Алматыдан Талдықорғанға арнайы келді. Мына жақтан ауылдан мен бардым. Сонымен бірнеше сағат ота жасап, сәтті аяқтады. Содан мінеки, табанымен жерді нық басып, тік жүрмін...

Ережел туралы ел осылай дейді. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын...» деген сөз осындайда айтылған-ау шамасы.

Дегенмен 2000 жылы болған мына бір оқиғаны да айтпай кетсек дұрыс болмас. Ережелдің ұлты еврей ұстазы Юрий Милович Усиковтың

арнайы шақыртуымен аты әйгілі «Қалқамандағы» №4 ауруханада қызмет етіп жүрген кезі. Оған бір министрдің орынбасарына ота жасауға тура келіпті. Содан ертелетіп таңғы сағат алты жарымдар шамасында үйінен шығып, ауруханаға беттемей ме? Сол кезде тура өзінің көп қабатты үйінің есік алдында қалқадан шыға келген төрт жігіт арматурамен басынан ұрып, құлатады. Есінен танып қалған есіл ердің саусақтарын безірейген бетонға қойып бір-бірлеп ұрып сындырады. Абырой болғанда, таң алдында итін қыдыртып жүрген орыс әйелі байқап қалып, айғай салып, елді арашаға шақырыпты. Содан қаскүнемдер лезде қашып кетіп, қарасын батырған. Ережелтің еңсесі биіктеп, абыройы асып бара жатқанын көре алмаған күншілдердің арнайы тапсырысымен жасалған қылмыс еді бұл.

Қайтейік-ай, Абайын сабап, Шәкәрімін құдыққа тастаған, Біржан салды байлап тастап, Ақан серіні жынды атандырған ел емеспіз бе?

Әйтеуір, «Аққа Құдай жақ» деген ғой. Өзінің шипасы тиген көпшіліктің пәк ниетіне, сондай-ақ отбасындағы бала-шағасының ақ тілеуіне орай, азаматымыз аман қалды. Үш айдың о жақ, бұ жағында аса күрделі операциядан соң пластикамен болса да басы бүтінделді. Саусақтары түгелдей түгенделіп, қалпына келтірілді. Ауыл жақта Нұрдулет Солтанаев, Мұрат Сампаев, Өмірғазы Түгелбаев, Құсайын Бейсебаев, Тұрдақын Садыров секілді сыныптас достары тілеуші болып жүргенде, Алматыда Есқанат Қоспанов сияқты достары езуіне шылымын қыстырып, шынымен шайын әперіп, қолдау көрсетті...

Шүкіршілік, Ережел ағамыз одан кейін де талай-талай ота жасап, адамдардан Алланың алмайтын жанына себепші болды. Абыройы артып, алғысқа бөленді. Алдағы уақытта да осылай бола берсін деп тілейміз.

Нүрәділ БЕГІМБЕТ

Нүрәділ БЕГІМБЕТ 1960 жылы 27 наурызда туған. ҚазГУ-дің журналистика факультетін бітірген. 1981 жылдан бастап аудандық «Жаркент өңірі» газетінде корректор, тілші, аудармашы, бас редактор, облыстық «Жерұйық» және республикалық «Заң газеті» газеттерінде меншікті тілші, сондай-ақ Панфилов аудандық әкімдігінде бас маман, бас инспектор, аудан әкімінің көмекшісі болған. Жаркент өңірінде тұңғыш рет тәуелсіз «Ел газеті» аймақтық үнжариясын шығарып, «Ұлағат», «Ақиқат», «Мұғалім» басылымдарына бас редакторлық еткен. Баламалы түрде дауысқа түсіп, аудандық мәслихаттың депутаты болып та сайланған. Қазір халықаралық «ҚазАқпарат» агенттігінің Жаркент аймағы бойынша тілші-шолушысы. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Прозашы, журналист және аудармашы ретінде бірқатар республикалық, облыстық бәйгелердің жүлдегері атанған. Шығармалары көптеген ұжымдық жинақтарға енген, өзі де бірнеше кітап құрастырған. Панфилов аудандық «Қазақ тілі» қоғамы ұйымы ақылдастар алқасының және «Арқас алауы» әдебиет пен өнер бірлестігінің мүшесі.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медалімен, республикалық шығармашыл жастардың «Жігер» фестивалінің дипломымен, Алматы облысы әкімінің, Алматы облыстық мәслихатының, Алматы облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың, аудан әкімінің және «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен наградталған.

Отбасылы. Жұбайы – педагог. Екі ұл, үш қыз, алты немересі бар.



АБАЙ ЖҮРСЕҢ – АМАН ЖҮРЕСІҢ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, жол-көлік оқиғасының жарақаты 5-29 жас аралығындағы жас адамдар өлімінің басты себептерінің бірі болып табылады. Жолда әр 4 минут сайын бір бала қаза табады екен. Осыған орай, Біріккен Ұлттар Ұйымы 2011-2020 жылдарға арналған жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шара қабылданып отыр. Бүгінгідей ғылым мен технологияның ғасырында автокөлік бұрынғыдай баршылықтың емес, күнделікті тірлігінің ажырамас бөлігіне айналғаны шындық. Еліміз тәуелсіздік алысымен-ақ делдалдардың «бағы» жанып, алыс-жақын шетелдерден жүру мерзімі біткен, ескірген автокөліктер мен киілген киімдерді әкеліп, нарығымызды толтырып тастады.

Қанында тұлпар мінсе делебесі қозатын қасиеті бар, көлік жүргізу тәжірибесі мен мәдениетінен жұрдай азаматтарымыз өзін ең далада жүйткіп келе жатқандай сезініп, өзінің ғана емес, өзгені де өмірі мен денсаулығына қатер төндіру оқиғалары әсіресе соңғы жылдары көбейіп кетті десек қателеспейміз. Әрине, қазіргідей өмір сүру үшін жанталасқан заманда көліксіз ешбір шаруа бітпейтіндіктен, оның тұрмыстық қолданыстағы маңызы да артып отыр. Азаматтарымыздың тұрмыстары жақсарып, заман ағымына сай көлік саны артуы заңды құбылыс деуге болады. Бұрынғы қылмыстық құқықбұзушылық саналатын алыпсатарлық (спекуляция) кәсіпке айналғаны сияқты, экономикасы шикізатқа негізделген еліміз үшін адам тасымалымен айналысу қарапайым азаматтарымыздың көпшілігінің негізгі кәсібіне айналып та үлгерді.

Халқымызға өз пайдасын тигізген автокөліктің бүгінгі күні мыңдаған азаматтарымыздың өмірін жалмаған жаналғыш әзірейілге айналып отырғаны неліктен? Қазағымыздың даңқын әлемге әйгілеген, 20 жасында олимпиада чемпионы атанған Бекзат Саттарханов, айтыс өнерінің құлагері Оразалы Досбосынов пен оның жан жары Ажар, сондай-ақ жезтаңдай әнші Мәдина Ералиева, поэзия жампозы Қайрат Әлімбек сияқты болашағынан зор үміт күттірген басқа да қаншама асылдарымыз көлік апатынан ажал құшты. Бұлардың бәрі де қазағымыздың даңқына даңқ қосатын және рухани дүниесіне бергенінен берері көп ерекше талант иелері еді. Осындай оқиғаларды көріп, білген сайын өз адал өлімімен емес, көліктен ажал табу қарақөз бауырларымызды жалмап жатқан орны толмас қасірет көзіне айналғанын мойындауға тура келеді. Бейбіт күннің өзінде мыңдаған жан ұя асыраушысынан айырылып, қаншама ана – жесір, бала жетім қалуда, қаншамасы өмір бойына мүгедектік қамытын киіп, аурудың ащы жапыранын жұтуда.

Заңнамада айналасындағыларға жоғарғы қауіп туғызатын қызмет (жоғарғы қауіптілік көздері) деген түсінікке көлік құралдары мен көлік құралдарының иелері жатады. Сондықтан әрбір рульге отырған азамат өзі мен көлігінің өзге азаматтардың Алла берген денсаулығы мен өміріне басты қауіптілік көзі екенін санасымен түсінбеуі салдарынан жол-көлік оқиғасының басым бөлігі болып жатады. Кейбір Алланы ұмытып, көзін барлықтың шелі басқан азаматтарымыздың белі бесіктен шықпаған балаларына қымбат көлік тізгінін ұстату салдарынан өз еңбегімен келмеген көлікке мінген есірік өз қатарластарымен елді мекеннің жолында түнгі уақытта азаматтарымыздың тыныштығын бұзады. Конституциямен белгіленген мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өміріне, құқықтарына тікелей қауіп төндіретін «жарыс» (гонка) жасауы, жақынының байлығы мен лауазымының арқасында жазаға тартылмайтынына сенімділігі, өзін «құдай» сезінуі біздің Жаркент қаласында да бар жағдай. Бұның бәрі ондай отбасыларда ұрпағына өнегелі тәлім-тәрбие берудің жоқтығын, байлықтың буына мастанғандардың санасында ешқашан да рухани жаңғыру болмайтынын аңғартады. Ондай есерлерді солқылдақ заңымыз емес, ажал ғана тоқтататыны

– шындық. Баршылық пен жазасыздыққа әбден еті үйренген есірген есіріктерге келгенде полиция қызметкерлері де дәрменсіздік танытатыны, жүнді білек «шатыры» жоқ, қарапайым әрі ескі көлік мінген жуас жүргізушілерді жүндеуге, жазалауға ғана әлі жететіні біздің қоғамның ащы болса да шындығы.

Панфилов аудандық ішкі істер бөлімі Жергілікті полиция қызметінің бастығы, полиция подполковнигі Р.Дауылбаевтың бізге берген мәліметі жан шошырлық. Ауданымыздың әкімшілік аумағында 2018 жылдың тоғыз айы ішінде 82 жол-көлік оқиғасы тіркеліп (2017 жылы – 64), ол 18 дерекке өсіп, 15 азамат қайтыс болып, (2017 жылы – 7) өлім жағдайы 8 дерекке өскен, 141 азамат түрлі дәрежедегі дене жарақаттарын алып (2017 жылы – 98), ол 43 оқиғаға өскен екен. Оның ішінде жаяу жүргіншіні басып кетудің 24 дерегі тіркеліп, ол 100% өскен (2017 жылы – 12), 3 жаяу жүргінші қайтыс болып, 200% өскен



(2017 жылы – 1), 23 жаяу жүргінші дене жарақатын алып, өсім 91,7% құраған (2017 жылы – 12). Республикалық маңызы бар жолда тоғыз жол-көлік оқиғасы тіркеліп, көрсеткіш 25,0 төмендеген (2017 жылы – 12) соның салдарынан екі азамат қайтыс болған (2017 жылы – 2), 24 азамат түрлі дәрежедегі дене жарақатын алған, яғни 25% төмендеген (2017 жылы – 18).

Жергілікті маңызы бар жолдарда 46 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, ол 43,8 5 өскен (2017 жылы – 32), бес азамат қайтыс болған (2017 жылы – 5), 64 азамат түрлі дәрежедегі дене жарақатын алған, 73% өскен (2017 жылы – 37). Көлік жүргізушілердің мас күйінде көлік жүргізуінен үш жол-көлік оқиғасы орын алған, 50% өскен (2017 жылы – 2), 2017-2018 жылдары адам өлімі тіркелмеген, үш азамат дене жарақатын алған, яғни 66,7% өскен (2017 жылы – 5).

Жыл басынан бері жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында жол патрульдік полиция бөлімі қызметкерлерімен жалпы алғанда, 1 910 жол жүру ережелерін бұзу деректері анықталып (2017 жылы – 973), 13 935 767 теңге көлемінде айыппұл салынып, ҚР ӘҚБТК-нің 608-бабы бойынша (автокөлікті мас күйінде жүргізу) 27 дерегі анықталған (2017 жылы – 41). Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 346-бабы бойынша автокөлікті мас күйінде жүргізгені үшін көлікті жүргізу құқығынан сотпен айырған адаммен қайталанып көлік жүргізгені үшін 6 қылмыстық іс сотқа жолданып, сот үкімдері шықты. ҚР ӘҚБТК-нің 615-бабы бойынша (жаяу жүргіншілердің жол ережелерін бұзуы) 191 жеке тұлға анықталды (2017 жылы – 21), 591-бабы бойынша (телефон, радиостанция қолдану) 191 дерегі анықталды (2017 жылы – 83), 593-бабы бойынша (қауіпсіздік белбеуін тақпау) 363 оқиғасы тіркелді (2017 жылы – 195).

Жол-көлік оқиғаларын болдырмау және алдын алу мақсатында «Қауіпсіз жол», «Мас жүргізуші», «Жаяу жүргінші» атты жедел алдын алу іс-шаралары ұйымдастырылып жүргізілді. Аталған іс-шаралар барысында басқа да жол жүру ережесін бұзғаны үшін 1 209 әкімшілік құқықбұзушылық анықталды. Атап айтқанда: ҚР ӘҚБТК-нің 590-бабы бойынша 276 (17-322) хаттама, 597-бабы бойынша 20 (17-3) хаттама, 600-бабы бойынша 28 (17-11) хаттама, басқа да жол жүру ережесін бұзғаны үшін 1 092 (17-274) хаттамалар толтырылды.

Жол-көлік оқиғалары санының өсуі себебі

қарапайым жол қозғалысы ережелерін білмейтін жүргізушілер мен бесіктен белі шықпай жатып көлік рөліне отыратын жасөспірімдер мен жастардың соңғы кезде тым көбейіп кетуінен, олардың жүргізушілік мәдениеті мен жауапкершіліктерінің төмендігінен және үй мен түзде тыйым мен тәрбие көрмеуінен, лайықты жазасын алмауынан болып отырғаны шындық десек қателеспейміз. Барлық пен албырттықтың буына бөккен жастарға сақтық пен өзгенің өмірінің құны көк тиын болып, адами, мәдени, рухани ой-өрісінің жұтаңдығынан, есерліктің басымдығынан ата-ана мен жақындары өз қанына тұншыққан бауыр еті баласы ажал құшқанда ғана санасына саңлау түсіп, зар еңірегенімен бәрі кеш болары сөзсіз. Жол-көлік оқиғасына тікелей әсер ететін келесі фактордың бірі шетелде пайдалану мерзімі өткен соң елімізге әкелінген көліктердің техникалық ақауларын дер кезінде жөндемеуінен де болып жатады. Техниканың қыр-сырын білмейтін адамның көліктің моторы тартқанша зымырауы да өзінің және өзгенің денсаулығы мен өміріне тікелей қауіп төндіретін белгілі жайт. Айналасындағыларға қауіптілік көзі саналатын автокөлік заулаған сайын бірнеше көлік қатар сиятын қасиетті қара жол қара жіпке айналары, алдыңнан қарама-қарсы басқа автокөлік, бұрылыс немесе аспанға «сальдо» жасататын қазан шұңқыр кездесуі де мүмкін екенін ескеру керек. Елімізде жол-көлік оқиғасының, оның ішінде балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында қауіп-қатердің алдын алу үшін жолдың сапасын жақсарту, жолда жүру ережелерін сақтау, ішімдіктен бас тарту, жарақат алған адамды уақытында ауруханаға жеткізу мен алғашқы дәрігерлік көмек көрсетудің маңызы зор.

Шапшаң жүріспен қысқартам деген шақырымын өмірінің соңғы шақырымына, темір тұлпарың «темір табытқа» айналып, қаның судай шашылмасын десең, жолда жүргенде абай болған абзал. Алланың «сақтансаң сақтармын» дегені мен «сақтықта қорлық жоқ» деген ата-бабамыздың асыл сөзін де әрдайым естен шығармағын, ажалыңа асықпағын ағайын, дегіміз келеді!

Бекмұхамет СЕРІКБАЕВ,
Қазақстанның Заңгерлер
одағының мүшесі.

ЖАЗЫЛЫМ – 2019

Құрметті патша көңілді оқырман! Ақпарат айдынына жаңадан жол тартқан «Жаркент айнасы» газеті көңіліңізден шығып, мәнімен, мазмұнымен ұнап жатса Қазпошта бөлімшелері арқылы алдағы 2019 жылға толықтай жазылыңыз. Өйткені жазиралы Жаркент өңіріндегі Сіз естімеген, тың, қызықты тарихи, мәдени мақалалар тек қана «Жаркент айнасы» газетінде жарияланады. Сондай-ақ газет бетінде алдағы уақытта осы өңірге қатысты тарихи танымдық, қордалы әлеуметтік, еселі экономикалық мәселелер қамтылып, қалың оқырманды қызықтыратын тақырыптарда мақалалар жарыққа шығады.

Біздің сенеріміз де, сүйенеріміз де – өздеріңіз, көпшілік оқырман. Газетіміздің индексі - 65161. 6 айға жазылу бағасы – 1231 теңге 20 тиын, 1 жылға жазылу бағасы – 2462 теңге 40 тиын. Қазпошта бөлімшелері арқылы жазыла аласыз. «Жаркент айнасымен» бірге болам десеңіз – жазылыңыз, қызықты материалдар оқимын десеңіз – қолдаңыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті оқырман, «Жаркент айнасы» газетіне құттықтау, жарнама қабылдаймыз. Тел.: 8/777/971-57-67

Газетке жазылу индексі: 65161



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.пochtасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
➤ Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет «Алматы-Болашақ» АҚ басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көш, 223 В Тел/факс: 8 (727) 3784008. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы қаласы,
Қабанбай батыр көшесі 147, 22 офис
Алматы облысы, Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі, 242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.